

Тексерілді: *Мерзіл*
Әліскер А.К. Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МККК «Балапан» МДҰ
Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3-4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 03-07 сәуір айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 07.04.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Отбасы мүшелері Шаттық шеңбері: Мына саусақ-анашым! Мына саусақ-әкешім! Мына саусақ-әжем гой! Мына саусақ-атам гой. Мына саусақ-мен өзім! Осы менің отбасым.</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар. «Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы».</p> <p>Ұ дыбысының артикуляциялық қалпы. 1. Ұ дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады. 2. Тіл ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы жоғары көтеріледі. 3. Дауыс шымылдығы ашық болады.</p> <p>Ү дыбысының артикуляциялық қалпы. 1. Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады. 2. Үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықты сақтайды. 3. Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі, екі жағы көтеріледі, үстіңгі азу тістерге қабысады.</p> <p>Жұмбақ: Ол өте мейірімді, ақ шашты, тәтті бауырсақ пісіреді, бізге жылы қолғап, шұлық тоқиды. Бұл кім? (Әже)</p> <p>Мақал – мәтелдер: Отан отбасынан басталады. Ақылды қария - ағып жатқан дария. Ата - балаға сыншы. Ұяда не көрсен, Ұшқанда соны іленсін.</p> <p>Сергіту сәті. Саусақ жаттығуы. Отбасы туралы санамақты айтайық. Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек - анам, Ортаң терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз.</p>	«Сұлбасын тап» ойыны. Шарты: экраннан ата, әже, әке, аналардың суреттері сұлбасымен беріледі. Балалар отбасы мүшелерін сұлбасымен дұрыс сәйкестендіреді және атайды.	Сюжеттік суреттер сериясын көрсету арқылы балаларға түрлі сұрақтар қойып сөздік қорын көбейту.

	<p>Ойын: " Мынау кім?" Мақсаты: балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу. Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу. «Сұлбасын тап» ойыны. Шарты: экраннан ата, әже, әке, аналардың суреттері сұлбасымен беріледі. Балалар отбасы мүшелерін сұлбасымен дұрыс сәйкестендіреді және атайды. Ойын сұрақ: " Көңілді доп" - Отбасы мүшесін ата. - Отбасында кімді жақсы көресің? - Отбасында кімге сыйлық жасайсың? - Анана қалай көмектесесің? - Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба? - Дастархан басында өзінді қалай ұстайсың? - Үйдегі ініңе, қарындасыңа қалай көмектесесің? - Жарайсындар, балалар, өте жақсы. Үстел үсті ойыны: "Қуыршақты киіндіреміз" Мақсаты: балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Шарты: қатты қағаздан қиылған қуыршақ макетін киім үлгісімен киіндіру. Күтілетін нәтиже: суреттерді сөйлетіп, отбасы мүшелерін – әже, ата, әке, ана, аға, әпке, іні, сіңлі, қарындасты ажыратып, оларды орынды атай алады.</p>		
<p>Жұма 07.04.2023ж. «Балдырған» ересек тобы</p>	<p>Көктем мезгілі қандай? Әңгімелеу. "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Қайырлы таң, қайырлы күн! Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз дос болайық! Жұмбақ Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Айтындаршы балалар, Бұл қай кезде болады? (көктем) Жатты да жатты, жылғаға ақты. (қар) Сурет көрсету «Көктем келді» Көркем сөз. "Көктем". (Б. Жақып) "Сиқырлы сакина" моделі негізінде суретті сипаттауға арналған сөздік жаттығу. Миномекесте негізінде көктем жайлы әңгіме модельдеу-құрастыру. "Көктем келді!" Логоырғақ. Сергіту сәті «Жаңбыр жауғанда». Өлеңді мәнерлеп, қайталап оқу. «Көңілді көктем» дидактикалық ойын: Шарты: сөйлем оқимын, жалғасын табасындар. Көктемде күн..... жылынады. Қар..... ериді... Күтілетін нәтиже: көктем мезгіліне тән ерекшелігін біледі, сурет бойынша әңгімелейді, тақпақты мәнерлеп айтуды меңгереді. Өз ойларын толық анық жүйелі жеткізеді.</p>	<p>«Көңілді көктем» д/о: Шарты: сөйлем оқимын, жалғасын табу керек. Көктемде күн..... жылынады. Қар..... ериді</p>	<p>Ересек топ балаларына 5-6 сөйлемнен құралған заттарды сипаттайтын шағын әңгімелер, жеке тәжірибеден оқиғалар құрастыру;</p>

Тексерілді: 
Әдіскер А.К.Керубаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезені 10-14 сәуір айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 14.04.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Біз ғарышкер боламыз. «Ұ», «Ү» дыбыстары. «Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Шаттық шеңбері. Балаларды шеңбер бойымен тұрғызу, Е. Өтетілеуұлының өлеңін оқу. Біздер қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. Суреттерді көрсетеді. Әңгімелеу. Педагог: – Бізді үлкен әлем қоршап тұр. Біз Жер ғаламшарларында тұрамыз. Біздің Жер сияқты әлемде көп ғаламшарлар бар. Әлем – үлкен жарылыс кезінде пайда болған дейді. Бастапқыда қатты ыстық болған, содан кейін қатты суыған. Жер ғаламшары айналып тұрады. Осы аспан әлемін зерттеп білу үшін оған ғарышкерлер ұшып барады. Ол қиындығы да, қызығы да көп мамандық. Сөздік жұмысы. Ғарышқа жіберілетін адамды - ғарышкер деп айтады. – Ғарышта бәрі қалқып жүреді. Бұл құбылысты - салмақсыздық деп айтады екен. Ол туралы өсе келе білетін боласындар. Ұшу және қону ғарышқа барудың ең қауіпті сәттері болып табылады. Жұмбақ. Бүкіл әлемді жылытады, Шаршамай жұмысын жалғастырады. Тереземізден күлімдеп қарайды, Барлығы оны не деп атайды? – Күн! Ең үлкен жұлдыз - Күн. Ол өте үлкен және бәрімізді жылытады. Күн болмаса, жер бетінде тіршілік болмас еді. Біздің планетада болып жатқанның бәрі Күнмен байланысты: күн мен түннің өзгеруі, қыстың немесе жаздың басталуы. Күндіз күн біздің планетамызды жылытып, жер бетіне жарығын таратады. Барлық тіршілік иелері күн сәулесіне жылынады. Күн шыққанда табиғат оянады, тіршілік жаңданады. Көркемсөз. (Тақпақты қайталау, жаттау) Көкке ұшамын – Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем. Ер ғарышкер ағаның. Батыр болам – Көк аспанды сүйемін. Жұлдыздарға Барып-келіп жүремін.</p>	<p>«Сиқырлы пішіндер» д/о. (Заттардың белгілерін (түсін, ақ, кара, көк, қызыл, сары, жасыл) және сын есім мен зат есімнің қатар айтылу қабілетіне үйрету). Мақсаты: әртүрлі таныс пішіндерден ғарышқа байланысты заттар жасау (Күн, Ай, Зымыран және тағы басқа) Не жасағанын, қандай пішіндерді қолданғанын, түстер қандай екенін айтып беру. Мысалы: – Мен зымыран жасадым.</p>	<p>Көркемсөз. (Тақпақты қайталау, жаттау) Көкке ұшамын – Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем. Ер ғарышкер ағаның. Батыр болам – Көк аспанды сүйемін. Жұлдыздарға Барып-келіп жүремін.</p>

Сұрақ-жауап арқылы балалармен әңгімелесу. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету (сын есім).

Қазақ халқының ең алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров аталарының суретін тамашалайық. Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров - ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы. Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан "Союз ТМ-13" кемесімен ғарышқа ұшып, 10 қазанда Жерге қайтып қонған.

«Біз ғарышкер боламыз!» сергіту сәті.

Қане, қатарға тұрайық, (бір орында адымдап жүру) Ғарышқа аттанайық. (екі қолдарын жоғары көтеріп, саусақтың ұштарын түйістіру) Ғарышқа жету үшін, (сұқ саусақтарын алға және артқа қозғалту) Көп болу керек күшін! (екі қолдарын иықтың деңгейіне көтеру, қолдарының күштерін көрсету) Дайындалып, жаттығайық, (қолдары кеуденің бойында, екі қолды қайшылау) Оңға және солға бұрылайық. (оңға және солға иілу) Отырамыз, тұрамыз, (отыру, тұру) Біз ғарышкер боламыз! (екі қолды түсіру, тік тұра қалу) Балалармен бірге таптың сөздері мен қимылдарын үйлестіріп орындау.

«Сикырлы пішіндер» д/о. (Заттардың белгілерін (түсін, ақ, қара, көк, қызыл, сары, жасыл) және сын есім мен зат есімнің қатар айтылу қабілетіне үйрету).

Максаты: әртүрлі таныс пішіндерден ғарышқа байланысты заттар жасау (Күн, Ай, Зымыран және тағы басқа) Не жасағанын, қандай пішіндерді қолданғанын, түстер қандай екенін айтып беру.

Мысалы: – Мен зымыран жасадым. Зымыранды жасағанда шаршы, үшбұрыш, дөңгелек пішіндерді алдым. Шаршылардың түсі - көк, үшбұрыштардың түсі - қызыл, ал дөңгелектің түсі - сары.

Жаңылтпаш айтқызу.

Үш аша, Үшкір ме ұшы аса? Үйшік жаса күшін үшін, Кең қып жаса үйшік үшін.

Үлгілілік - үйретуден. Үлгерулік - үйретуден. Үлгілілік - үздіктен, Үздіксіз үйретуден.

Тіл ұстарту жаттығулары. Ұш - ұш - ұш. Ұш - қыш. Үз-үз-үз, Суда еркін жүз. Тұз – мұздай Мұз - тұздай. Талап - тұлпар, Білім - сұңқар. Құ - лан, құ - лақ, қол - ғап.

Гү- лім, кө - гім. Гү - ріл, жү - гір. Ү – Ү – Ү. Үкі үлкен үйректен. Ү – Ү – Ү. Үзілмесін үзеңгі. Ү – Ү – Ү. Үштің өзі күш. Ұс-ұс-ұс. Қарлығаш - киелі құс. Ұн, ұш - қыш, ұ - лу.

Ұт, ұр - шық, ұ – шақ Ұш, Нұр - лан, ұ - сақ. Ұт, Ақ - нұр, Ұ - лан.

Ұ- жуан дауысты дыбыс. Өз алдына буын құрай алады. Сөздің басында, ортасында кездеседі. Сөздің аяғында кездеспейді.

Артикуляциялық жаттығулар.

«Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы».

Ұ дыбысының артикуляциялық қалпы.

1. Ұ дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жнырылады.

Зымыранды жасағанда шаршы, үшбұрыш, дөңгелек пішіндерді алдым. Шаршылардың түсі - көк, үшбұрыштардың түсі - қызыл, ал дөңгелектің түсі - сары.

	<p>2. Тіл ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы жоғары көтеріледі. 3. Дауыс шымылдығы ашық болады. Ү дыбысының артикуляциялық қалпы. 1. Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады. 2. Үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықты сақтайды. 3. Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі, екі жағы көтеріледі, үстіңгі азу тістерге қабысады. «Жұлдызың жансын» рефлексиясы. Үйренгендері ұнаса, түнгі аспанға жылтыр сары жұлдыздарды жапсырады, егер ұнамай калса, сары қағаздан жасалған жұлдызды алып жапсырады. Күтілетін нәтиже: сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйренеді (сын есім). Заттардың белгілерін (түсін, ақ, қара, көк, қызыл, сары, жасыл) және сын есім мен зат есімнің қатар айтылу қабілетіне үйренеді. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү, Ұ» дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p>		
<p>Жұма 14.04.2023ж.</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p>Ғарышкер боламыз. Адамның дене мүшелері. 10 дейін тура және кері санау. Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!» Суретті көрсету. Таңғажайып сәт. Сызба мен өз денелерін сәйкестендіру негізінде сөздік жұмыс. «Бет бөліктері». Суретті қарастыру негізінде сөздерге дұрыс жалғау қосуға сөзді-логикалық жаттығу. «Нелер көрінбейді?» Шарты: педагог балаларды өз орындарына шақырады. Педагог бет-әлпеті жабық ғарышкердің суретін қайта көрсетеді. Жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. «Біз ғарышкерміз». Көкке ұшамын - (аяқтың арасы алшақ, қолды алдыға айқастыру) Ұшқыш болар баламын. (теңселу) Соңына ерем. (екі қолды жоғары созу, аяқтың ұшына тұру) Ер ғарышкер ағаның. Батыр болам - (қолды иыққа қойып айналдыру) Көк аспанды сүйемін. (белді айналдыру) Жұлдыздарға (аяқтың арасы алшақ, қолдарды екі жаққа созу, алақанды ашу, жабу) Барып келіп жүремін. (Т. Молдағалиев) Тура және кері санау негізінде логикалық жүйелікті нақтылауға арналған сөздік жаттығу. Шарты: педагог бір қатарға тізілген күн жүйесінің ғаламшарларының суретін көрсетеді. Ғаламшарларды тура және кері санайды. Есту зейіні мен релаксацияға арналған жаттығу. Қортындылау. Күтілетін нәтиже: «ғарыш» туралы түсінік қалыптасады. Ғарышкерлер киімдерінің ерекшеліктері жайлы біледі. Сандық қатар, тура және кері санай алады. Қойылған сұрақтарға жай және жайылма сөйлеммен жауап бере алады.</p>	<p>Суретті қарастыру негізінде сөздерге дұрыс жалғау қосуға сөзді-логикалық жаттығу. «Нелер көрінбейді?» Шарты: педагог балаларды өз орындарына шақырады. Педагог бет-әлпеті жабық ғарышкердің суретін қайта көрсетеді.</p>	<p>Ғаламшар атауларын қайталап, тура және кері санау.</p>

Тексерілді: *Мерид*
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 17-21 сәуір айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 21.04.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Жайылымда нелер жүр? Ғажайып сәт. Балапанның суретін көрсету. Аудиожазба тыңдау. Сиыр, жылқы, қой, ешкінің дауыстары шығады. «Дауысын танысаң, не екенін айт!» сөздік жаттығуы. Үй жануарларының (сиыр, жылқы, қой, ешкі) төрт суреті шашыраңқы түрде ілінеді.</p> <p>Көркемсөз. - Мө-мө-мө, - деп сиырым Сүт толтырды ыдысқа. (Сиырдың суретін көрсету.) - И-һо-һо, - деп алыстан Жылқым кісіней бастады. (Жылқының суретін көрсету.) - Ме-ме-ме, - деп ешкім де Сүтін берді ішуге. (Ешкінің суретін көрсету.) - Мә-мә-мә, - деп ән салып Қойларым тұр ойланып, (Қойдың суретін көрсету.) - Не береді қой бізге? Ойлап көрейік біз де!</p> <p>Көркемсөзді қайталау. Мәтін мен суреттер бойынша сұрақтар. Сергіту сәті. «Шалғынға шықты балалар». Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен қосылады. Шалғынға шықты балалар, (бір орында адымдап жүру немесе колонна бойынша бірінің артынан бірі жүру) Жасыл желек айнала. Жылқылардай шапқылар, (бір орында тұрып жүгіру) Токтай алмай жарыса. Шалғынға шықты балалар, (бір орында адымдап жүру немесе колонна бойынша бірінің артынан бірі жүру) Жасыл желек айнала. Жылқылардай шапқылар, (бір орында тұрып жүгіру) Токтай алмай жарыса. Шаршадық біз соншалық, (отыру, аяқты алдыға қарай созу) Жүгіруді доғардық. Шалғынға кеп демалып, (аяқтарын тізеден өкшелеріне дейін және қарама-қарсы бағытта сипалау) Қайтадан күш жинадық. Суреттер көрсету. Тауық, үйрек пен қаздың суреттерін кезекпен көрсетеді.</p>	<p>Көркемсөз. - Мө-мө-мө, - деп сиырым Сүт толтырды ыдысқа. (Сиырдың суретін көрсету.) - И-һо-һо, - деп алыстан Жылқым кісіней бастады. (Жылқының суретін көрсету.) - Ме-ме-ме, - деп ешкім де Сүтін берді ішуге. (Ешкінің суретін көрсету.) - Мә-мә-мә, - деп ән салып Қойларым тұр ойланып, (Қойдың суретін көрсету.) - Не береді қой бізге?</p>	<p>Тақпақ-мазақтама. «Көшеде». Мекендепті бір жерде, Тауық, қаз бен бір үйрек. Тауық, қаз бен бір үйрек, Мекендепті көшеде. Балпаң басқан бір үйрек, Манғаз басқан қазбенен. Жер тырнаған тауықпен, Қыдырып жүр көшеде. Көп қыдырды сол тауық, Қыдырыпты үйрек те, Қыдырыпты қазбенен.</p>

	<p>Тақпақ-мазақтама. «Көшеде». Шарбақ бойындағы жалғызаяқ жолда қатармен келе жатқан үйрек, қаз, тауықтың сюжеттік суреті (мультипликациялық бейнесі). Мекендепті бір жерде, Тауық, қаз бен бір үйрек. Тауық, қаз бен бір үйрек, Мекендепті көшеде. Балпаң басқан бір үйрек, Маңғаз басқан қазбенен. Жер тырнаған тауықпен, Қыдырып жүр көшеде. Көп қыдырды сол тауық, Қыдырыпты үйрек те, Қыдырыпты қазбенен. Қарамастан қауіпке. Үйрек шықпа көшеге, Қазым шықпа көшеге, Тауық шықпа көшеге, Ит, мысық жүр көшеде.</p> <p>- Балалар, көшеде қандай құстар келе жатты? Үйрек. Дұрыс. Қаз. Дұрыс. Тауық. Дұрыс. Жарайсындар! Балалардың жеке айтқан жауаптары қабылданады.</p> <p>Тақпақ-мазақтаманы ырғақты, дыбысы төмен әуенмен сүйемелдеп тыңдатқан балалар үшін қызықтырақ болады. Тақпақ-мазақтаманың кез келген шумағын жаттауға болады. Толық игеру үшін оны қосымша материал ретінде ата-аналарға немесе топ тәрбиешілеріне беруге болады.</p> <p>Қорытынды. Ойын түріндегі рефлексия.</p> <p>Балалар бір ән айтып беру сендер ненің дыбысы екенін айтып көріңдер.</p> <p>- И-һо-һо, и-һо-һо, - шауып кетем алысқа, Менің дауысым таныс па?</p> <p>- Бұл ненің дыбысы? Иә. Бұл жылқының дыбысы. Жарайсындар!</p> <p>- Мө-мө-мө, мө-мө-мө, - кетіп барам көк шөпке (қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі бойынша «шөпке» сөзін, «шөп-кө» деп мәнерлеп оқиды). - Бұл ненің дыбысы? Иә. Сиырдың дыбысы. Жарайсындар! - Ме-ме-ме, ме-ме-ме, маған да шөп алып кел,</p> <p>- Бұл ненің дыбысы? Ешкі. Дұрыс! Жарайсындар!</p> <p>Күтілетін нәтиже: сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастырады. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа біледі, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды мұқият тыңдайды, мазмұнын түсінеді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтады, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтады, оларды сұрақтарға жауап беруде қолданады. Тақпақтар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдайды; монологтық сөйлеуді, қиялын, жағымды көңіл-күйлерін білдіре алады. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылыққа дағдыланады.</p>	<p>Ойлап көрейік бізде!</p>	<p>Қарамастан қауіпке. Үйрек шықпа көшеге, Қазым шықпа көшеге, Тауық шықпа көшеге, Ит, мысық жүр көшеде.</p>
<p>Жұма 21.04.2023ж.</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p>М. Төрежановтың «Адал дос» әңгімесі</p> <p>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!». Аудиотаспа тыңдау. Көңілді әуен естіледі. Сурет бойынша сәйкестендіру мен іріктеуге арналған жаттығу. Педагог бірнеше суретті көрсетеді.</p> <p>Арасында туған жер түсінігін айқындайтындары бар.</p> <p>Туған жерге байланысты көркем суреттер көрсету, олар бойынша әңгіме құрастыруға баулу, жаттығу жұмыстары. Өз ойын жайылма сөйлемдермен білдіреді.</p> <p>М. Төрежановтың «Адал дос» әңгімесін мәнерлеп оқу.</p> <p>Екі дос көше бойымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, жүгіре алмайтын. Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу кара ит арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Қатты қорыққан Абыз:</p>	<p>Пиктограммаларды қолдану негізінде әңгіме желісі бойынша әңгімелесуге арналған сөздік жаттығу. Қарама-қарсы мағыналы сөздер</p>	<p>Балаларды суретке қарап әңгіме құрастыруға баулу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айту үшін тыныс және</p>

- Аблан, қаш! - деп айқайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп калып, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп: - Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде, шалбарың жыртылмас еді, - деді.

- Мен қашатын болсам, сен қалып қояр едің, өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, - деді Аблан. - Достар деген осындай болар, - деді олардың сөзін естіп тұрған үлкендер сүйсініп.

Ым-ишара негізінде сөзді-ырғақты жаттығу «Итім-ай».

Итім, итім, итім-ай, (қол белде, денені екі жаққа теңселту)

Түн үресің бір тынбай. (қол алда, саусақтар бүгулі, басты екі жаққа кезек-кезек қарату)

Қожайынға адалсын, (қолдар екі жақта, бірнеше рет шынтақтан бүгіп, ныққа қою)

Жақсы көрем ырысымдай, (қол белде, нықты көтеру)

Қамқорым да өзіңсің, (екі қолды кеудеге қою, денені екі жаққа теңселту)

Үйімдегі көзімсің (бас бармақ пен сұқ саусақты дөңгелетіп, екі көзге қою, екі жаққа кезек-кезек қарау)

Қожайынның демалып, (сұқ саусақты ерінге тигізіп, тыныштыққа шақыру)

Біреп уақыт демалсын. (екі алақанды біріктіріп, басты қою)

Балалар педагогпен бірге сөздік жаттығуды орындайды.

Сергіту сәтіне арналған ырғақты әуеннің аудиотаспасы.

Пиктограммаларды қолдану негізінде әңгіме желісі бойынша әңгімелесуге арналған сөздік жаттығу. Педагог:

- Балалар, әңгімеде кімдер болды? (Достар.) Дұрыс.

- Басында олар қандай болды? (Көңілді.) - Олар не істеді? (Әңгімелесті.) Дұрыс.

- Абыз неге шошып кетті? Ит қалай ашуланды? (Ырылдады.) - Ит не істеді? (Абланның балағын жырты.) Ит балаларды қорқытты. Қане, балалар, айтайықшы. Жарайсыңдар!

- Достарға кімдер көмектесті? (Ересектер.) Дұрыс. Жарайсыңдар! Әңгімені естеріне сақтап алыпсыңдар.

- Аблан не істеді? Қорықты ма? (Қорыққан жоқ.) - Қорықпағанын қалай көрсетті? (Таяқты алды.) Жарайсыңдар!

- Онда, ит қандай? Ол жаман. Қайталайық. Жақсы.

- Ит ересектерді көргенде не істеді? (Қашып кетті.)

- Балалар, Абланның мінезі қандай? (Батыл, қайсар, ержүрек.)

Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрауға арналған сөздік жаттығу. «Керісінше айт».

- Жақсы - жаман. - Суық - ыстық. - Баяу - жылдам. - Қорқақ - батыл. - Аз - көп. - Күн - түн. - Қыс - жаз. - Алыс - жақын. - Күледі - жылайды. - Жер - аспан. - Ауыр - жеңіл.

Сурет негізінде еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта». Жақсы дос үшін

жұбын құрауға арналған сөздік жаттығу.
«Керісінше айт».

дыбыстық жаттығулар жасатуға кеңес беру.

жан пида.

Материалды бекіту және қорытындылау.

Күтілетін нәтиже: балалардың ұғымындағы туған жер туралы түсінеді; балалар М.Төрежановтың «Адал дос» әңгімесінің мазмұнымен танысады; ұжымдық әңгімеге қатысады, кезекпен сөйлеуге үйренеді. Шығарма кейіпкерінің іс-әрекетіне өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Адалдық, батылдық, туған жерге сүйіспеншілік жайлы тұрақты түсініктері қалыптасады. Қазақ тіліндегі мәтінді тыңдайды. Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді табады, сұрақтарға еркін жауап беруге жаттығады; еске сақтау қабілеттері дамиды.

Тексерілді: *А.К. Керуенбаева*
Әдіскер А.К. Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 24-28 сәуір айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 28.04.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Бұл менің Отаным – Қазақстан. Ғажайып сәт. (Қонаққа Алаң келеді) өз білгенімен бөліседі. Көркемсөз. Болса да қаншама ел әлемде, Қазақстаным өзіңе тең келер ме! Қазақстан - елім, жерім, отбасым, Қазақстан - далам, шөлім, тау-тасым! Қазақстан - ұлт достығы мекені, Жайнасыншы шыңға шығып ертеңі! Артикуляциялық жаттығулар. (Ұ, Ү дыбыстарына арналған) «Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы».</p> <p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының аудиожазбасын тыңдау. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. «ҚР Мемлекеттік рәміздері» бейнеролигін көрсету. Қазақстан туралы бейнеролик (слайд) көрсету. Қазақстан туралы әңгіме. «Отан деген не екен?» жаттығуы. Педагог балалардан «Отан не деп ұғынасың?» деп сұрайды. Балалар қайталайды. Естеріңе сақтап мұғалімгесол сұрақты қояды. Педагог сұрақтарына жауап береді. «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (Балалар.) Көк аспаным, арайлап атқан таңым. (Педагог.) «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (Балалар.) Алтын астық, бидай менен ыстық наның. (Педагог.) «Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, (Педагог.) Біз тұратын қала, ауыл - құт мекенім! (Педагог.) «Отан» біздің отбасымыз қымбатты, (Барлық балалар педагогпен қосылып айтады.) Отанында тұрған адам бақытты! (Барлық балалар педагогке қосылып айтады.) Ал енді орын ауысады. Мен сендерден: «Отан деген не екен?» деп сұраймын. Сендер жауап</p>	д/о. Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, ойдан сөйлемдер құрау, мәтінге тақырыптың қою, жылдам ойлануға дағдыландыру. Ойын шарты: балаларға бірнеше суреттер беріледі, ойдан сөйлем құрап, тақырыбын қояды.	Мақал: «Өз елің - алтын бесігің»

	<p>бересіндер. Мен сендерге көмектесемін.</p> <p>Сергіту сәті. «Отан деген не екен?» Орташа темптегі ырғақты әуен қосылады.</p> <p>«Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>Көк аспаным, арайлап атқан таңым. (аяқтарының ұшына тұрады, қолдарын жоғары созады)</p> <p>«Отан» сөзін қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>Алтын астық, бидай менен ыстық наның. (қолдарын екі жаққа ашу, денесін оңға және солға теңселту)</p> <p>«Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, (алақандарын екі жаққа ашу, өздерінің иықтарын құшақтау)</p> <p>Біз тұратын қала, ауыл - құтты мекенім! (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>«Отан» біздің отбасымыз қымбатты, (алақандарын жоғары көтеру, үлкен шеңбер жасау, қайта түсіру)</p> <p>Отанында тұрған адам бақытты! (қасында тұрған баламен қол ұстасып айналу)</p> <p>«Мәтін құрайық» дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойын мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, ойдан сөйлемдер құрау, мәтінге тақырыптың қою, жылдам ойлануға дағдыландыру.</p> <p>Ойын шарты: балаларға бірнеше суреттер беріледі, ойдан сөйлем құрап, тақырыбын қояды.</p> <p>Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу «Еске сақта».</p> <p>Мақал: «Өз елің - алтын бесігің»</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: сұрақ-жауап, мадақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү, Ұ» дыбысын жеке және сөз ішінде дұрыс, анық айтады. Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдайды және түсінеді; Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Жана сөздерді байланыстырып сөз тіркестерін құрайды.</p>		
<p>Жұма 28.04.2023ж.</p> <p>«Балдыған» ересек тобы</p>	<p>«І» дыбысы. Сурет бойынша әңгіме құрастырайық.</p> <p>Шаттық шеңбері.</p> <p>«Қайырлы таң!» Мейірімді жүрекпен Ақ пейілді тілекпен, Амандасып алайық Бір жадырап қалайық. (Барлығы бірге шеңбер құрады. Бірге қайталайды.)</p> <p>Тіл ұстарту жаттығуы. Іс - іс - іс, Піс қазаным піс.</p> <p>Аудиотаспа тыңдау. Педагог көктемгі орманда сайраған құстар әнінің аудиотаспасын қояды.</p> <p>Көркемсөз. Қар еріді, су ақты, Күндер келді шуақты. Байтақ дала келбеті, Түкті кілем сияқты. Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді</p> <p>Бау-бақшада, орманда. Құстар әні төгілді.</p> <p>Сурет бойынша сөздік жұмыс.</p> <p>Педагог бірнеше ағаш бейнеленген демонстрациялық суретті көрсетеді. Әр түрлі</p>	<p>Суретке негізделіп құрылған, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу.</p> <p>«Еске сақта».</p> <p>Аққайындар сырғаларын тағынды, Табиғаттың бұйрығына бағынды, Күн жылынып, тамырына нәр барып, Моншақтары бүршік жарып</p>	<p>Көркемсөз. Қар еріді, су ақты, Күндер келді шуақты. Байтақ дала келбеті, Түкті кілем сияқты. Көкке бояп өңірді, Көктем келді көңілді</p> <p>Бау-бақшада, орманда. Құстар әні</p>

<p>ағаштармен таныстыру. Жапырақтарының пішіндерін салыстыру.</p> <p>«Ағаштың құрылымы» суретті-сызба негізінде «ағаш» түсінігін модельдеуге арналған жаттығу. Педагог жер астынан тамырлары көрініп тұрған ағаш құрылымының сызбасын көрсетеді.</p> <p>Сөзді-ырғақты жаттығу. «Жау, жау, жаңбыр!»</p> <p>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сен едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. Менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер.</p> <p>Педагог көңілді ырғақты әуенді қосады.</p> <p>Есту зейініне арналған жаттығу. «Аққайың неге жылайды?»</p> <p>Педагог қысқа мәтінді оқиды, балалар мұқият тыңдайды.</p> <p>Аққайың жылайды. Оның жердегі тамыры еріген суларды өзіне сіңіреді, су ағаштың діңіне, діңінен бұтағына, бұтағынан ұшына дейін көтеріледі. Бұл су шырын сияқты тәтті болады. Аққайың шырыны. Ағашта шырын көп болған кезде жерге тамады. Тырс-тырс, тырс-тырс. Адамдар: «Жылама, аққайың,» - дейді. Ал ақылды адамдар оны аққайың шырыны деп атайды.</p> <p>Суретке негізделе құрылған, еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».</p> <table border="0" data-bbox="322 746 1422 965"> <tr> <td>Аққайыңдар сырғаларын тағынды,</td> <td>Табиғаттың бұйрығына бағынды,</td> </tr> <tr> <td>Күн жылынып, тамырына нәр барып,</td> <td>Моншақтары бүршік жарып жарылды,</td> </tr> <tr> <td>Ақ көйлегін киіп алды сәнденіп,</td> <td>Бұйра, жасыл шаштары да әрленіп,</td> </tr> <tr> <td>Жас бұтағы желмен бірге желкілдеп</td> <td>Шақырады көлеңкеме келші деп.</td> </tr> <tr> <td>Аққайыңдар көз жастарын бұлайды,</td> <td>Бұл ғажайып өздеріне ұнайды.</td> </tr> <tr> <td>Жасынды тый, жыламашы жас қайың</td> <td>Саған келіп адам бақыт сұрайды.</td> </tr> </table> <p>Материалды бекіту мен қорытындылау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ тілінің «І» дыбысын дұрыс айтады. Мәтін мазмұнын дұрыс қабылдайды. Мәтін кейіпкеріне жанашырлық танытып, өз ойын жайылма сөйлемдермен білдіреді. Сурет бойынша әңгіме құрастырады.</p>	Аққайыңдар сырғаларын тағынды,	Табиғаттың бұйрығына бағынды,	Күн жылынып, тамырына нәр барып,	Моншақтары бүршік жарып жарылды,	Ақ көйлегін киіп алды сәнденіп,	Бұйра, жасыл шаштары да әрленіп,	Жас бұтағы желмен бірге желкілдеп	Шақырады көлеңкеме келші деп.	Аққайыңдар көз жастарын бұлайды,	Бұл ғажайып өздеріне ұнайды.	Жасынды тый, жыламашы жас қайың	Саған келіп адам бақыт сұрайды.	<p>жарылды, Ақ көйлегін киіп алды сәнденіп, Бұйра, жасыл шаш- тары да әрленіп, Жас бұтағы желмен бірге желкілдеп Шақырады көлеңкеме келші деп. Аққайыңдар көз жастарын бұлайды, Бұл ғажайып өздеріне ұнайды. Жасынды тый, жыламашы жас қайың Саған келіп адам бақыт сұрайды.</p>	<p>төгілді.</p>
Аққайыңдар сырғаларын тағынды,	Табиғаттың бұйрығына бағынды,													
Күн жылынып, тамырына нәр барып,	Моншақтары бүршік жарып жарылды,													
Ақ көйлегін киіп алды сәнденіп,	Бұйра, жасыл шаштары да әрленіп,													
Жас бұтағы желмен бірге желкілдеп	Шақырады көлеңкеме келші деп.													
Аққайыңдар көз жастарын бұлайды,	Бұл ғажайып өздеріне ұнайды.													
Жасынды тый, жыламашы жас қайың	Саған келіп адам бақыт сұрайды.													